

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Жаңа мектеп қолданысқа берілді

ЖАРИЯЛАНДЫ
04.12.2023СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/147642/

Көптен күткен нысан Сарқан қаласына қарасты Бірлік ауылында пайдалануға берілді. Аудан әкімі Ғалымжан Қанатұлы ауыл тұрғындарын қуанышты оқиғамен құттықтап, ашылу салтанатының лентасын қиды.

25 орындық шағын ортадығы бар 120 орындық жаңа мектеп, қажетті талаптары болмаған бейімделген мектепте орын алған мәселелерін толыш шешті. Жаңа мектепте сапалы білім алу үшін барлық заманауи талаптар сақталған.

Химия, физика, информатика, IT

кабинет, барлығын қосқанда 18 оқу кабинеті, сондай—

ақ 40 орындық, асхана және үлкен спорт залы бар. Музыка, сурет және компьютерлік графика сабақтарына арналған барлық қажетті сыныптар бар. Мектепте, акт залдары, жеке спорт алаңдары бар стадион қарастырылған. Сонымен қатар мектеп аумағында 50 орындық балабақша ашылды.

Онымен қоса қолайлы болу үшін үш қабатты ғимарат лифтпен жабдықталған. Кедергісіз орта қалыптастыру үшін ғимараттың кіреберісінде көтергіш қойылған.

Құрылыс-монтаж жұмыстарын “Құрылысшы ТБС” ЖШС компаниясы жүзеге асырған.

Нысанның құрылысына 1 млрд 8 млн қаржы жұмсалды. Мектеп “Жұмыспен қамтудың жол картасы-2020” бағдарламасы аясында салынды. Айта кетерлік бұған дейін ауыл балалары 1971 жылы пәтер ретінде салынған ескі мектепте оқып келген еді.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: KZ45VPY00102718 — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.